

## **2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 30 мамырдағы № 106 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына, "Жайылымдар туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарабалық ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарабалық ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Р. Халықов*


Әкімдіктің

2022 жылғы "30" мамырдағы

№ 106 қаулысына

қосымша

**2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы**



Жылдар	1 қаша	2 қаша	3 қаша	4 қаша
2022	көктемгі-жазғы мезгіл 1	Жазғы мезгіл 2	Күзгі мезгіл 3	Демалатын қаша
2023	Демалатын қаша	көктемгі-жазғы мезгіл 1	Жазғы мезгіл 2	Күзгі мезгіл 3

Ескертпе: 1, 2, 3, 4 – жылына қашаны пайдалану кезегі.